

Бекіткен:

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамының Басқармасы
2024ж. «15» қазандағы №103-24 хаттама
«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі
2024ж. «21» қазандағы №21/10/24-01 хаттама

Басқармамен бекітілген өзгертулер және толықтырулармен қоса
2024 ж, «13» желтоқсандағы №125-24 хаттама
Директорлар кеңесімен «Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен байланысты
жеке тұлғалар үшін 2024 ж. «23» желтоқсандағы № 23/12/24-01 хаттама

Басқармамен бекітілген өзгертулер және толықтырулармен қоса
2026 ж, «22» қаңтардағы №5-26 хаттама
Директорлар кеңесімен «Alatau City Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін 2026 ж. «27» қаңтардағы № 27/01/26-01 хаттама

Жеке тұлғаның, Private Banking клиенттерінің
банктік салымдары жария шартының
типтік үлгісі

Жеке тұлғаның, Private Banking клиенттерінің **БАНКТІК САЛЫМ ШАРТЫ**

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы жеке тұлға, Private Banking клиенттерінің Банктік салым шарты (бұдан әрі - Шарт) «Alatau City Bank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Банк) жеке тұлғалардың (бұдан әрі - Клиент) салымдары бойынша операцияларды орындау шарттары мен тәртібін анықтайды, сонымен қатар Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершіліктерін (төменде көрсетілгендей), сонымен қатар Банк және Клиент, Салымшы (Клиенттің пайдасына салымды Салымшы орналастырған жағдайда) арасындағы құқықтық қатынастардың басқа да ерекшеліктерін (төменде көрсетілгендей) белгілейді.

Осы Шарт жеке тұлғаның, Private Banking клиентінің Банк басқармасы (23.06.2023 жылғы № 70-23 хаттама) және Банктің Директорлар кеңесі (10.07.2023 жылғы № 10/07/23-01 шешім)¹ бекіткен Банктік салым шартын Клиентке, Салымшыға (Салымшыға - Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) жіберілген хабарламаларда көрсетілген күннен бастап жеке тұлғаның, Private Banking клиенттерінің көрсетілген банктік салым шартының талаптарына сәйкес ауыстырады.

Шартта Клиент, Салымшы (үшінші тұлға Салымды Клиент пайдасына орналастырған жағдайда) және Банк бірге «Тараптар», ал жеке – «Тарап» деп аталады.

Банк Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады, ол 02.04.2021 жылғы № 16 куәлікпен расталады. Жинақ шотына (бұдан әрі – Шот) орналастырылған ақша ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда ғана міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

Банктің шоттағы ақша қалдығын қайтару жөніндегі міндеттемелері, Банк мәжбүрлеп

¹ Бұрын Банктің Басқармасы (23.06.2023 жылғы № 70-23 хаттама) және Банктің Директорлар Кеңесі (10.07.2023 жылғы № 10/07/23-01 шешім) бекіткен жеке тұлғаның, Private Banking клиентінің банктік салымы шарты Банктің Басқармасы (28.01.2022 жылғы № 9-22 хаттама) және Банктің Директорлар кеңесі (25.02.2022 жылғы № 25/02/22-01 хаттама) бекіткен жеке тұлғаның, Private Banking клиентінің банктік салымы шартын ауыстырған

таратылған жағдайда, ҚР заңнамасына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

Депозиттерге міндетті кепілдік беруді «Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКБҚ) ұйымы жүзеге асырады. Кепілдік өтемін төлеуді ҚДКБҚ кепілдік өтемін төлеуді жүзеге асыру үшін агент банктердің алдын ала тізбесінен таңдап алынған агент банктер арқылы жүргізеді. Төлем ҚР заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіпте және ҚДКБҚ талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. ҚР заңнамасында көзделген кепілдікті өтемі төлеу шарттары, мерзімдері және тәртібі туралы хабарлама Банктің Интернет-ресурсында (www.alataucitybank.kz) орналасқан.

ҚР заңнамасының өзгеруіне және ҚДКБҚ енгізетін өзгерістерге байланысты кепілдік беру шарттары өзгерген жағдайда Банк Шартқа қабылданған Кепілдік беру шарттарын қолдануға құқылы.

«Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын Қосылу шарты болып табылады, оның талаптары барлық Клиенттер үшін бірдей болады және оны Клиент пен Салымшы (Клиенттің пайдасына Салымды Салымшы орналастырған жағдайда) Клиент, Салымшы қағаз жеткізгіште немесе Клиентке, Салымшыға Банктің электронды банктік қызметтеріне, "Интернет-банкинг" жүйесіне қолжетімділік беретін мобильді құрылғыда (смартфон, планшет және т.б.) орнатылған электронды түрде (Банкте техникалық мүмкіндік болған кезде бағдарламалық жасақтама арқылы электрондық түрде), бағдарламалық жасақтама (бұдан әрі -мобильді қосымша) арқылы қол қойған Шартқа қосылу туралы өтініштің (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) (бұдан әрі –Шарттың 1-қосымшасы және 2-қосымшасы) негізінде Шартқа қосылу жолымен қабылдай алады. Банк және Клиент, Салымшы туралы мәліметтер (Клиенттің пайдасына Салымды Салымшы орналастырған жағдайда) Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұл ретте Қосылу туралы өтініш пен Шарт Клиент, Салымшы (Клиенттің пайдасына Салымды Салымшы орналастырған жағдайда) берген және Банк қабылдаған Қосылу туралы өтінішті қабылдаған сәттен бастап бірыңғай құжат болып табылады».

Клиент, Салымшы (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) Қосылу туралы өтінішке қол қоюы мыналарды куәландырады және растайды:

1) Клиент Шарттың талаптарын қандайда бір ескерту және қарсылықсыз оқыды, түсінді және қабылдады, Шарттың талаптарын уақтылы және толық орындауға міндеттенеді, олардың орындалмауының және/немесе тиісінше орындалмауының мүмкін болатын жағымсыз салдарын түсінеді және қабылдайды;

2) Шартта Клиент, Салымшы (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) үшін өзінің ақылға қонымды мүдделеріне қарай қабылдамайтын қандайда бір ауыртпалық салатын шарттар жоқ;

3) егер Банкте Клиент, Салымшы (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) қол қойған Қосылу туралы өтініш болса, Шартты ол оқымағанын/түсінбегенін/қабылдамағанын растау ретінде Клиент, Салымшы (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) Шартта оның қолының болмауына сілтеме жасауға құқылы емес;

4) Шарттың барлық қағидалары Клиенттің, Салымшының (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) мүддесі мен еріктеріне толықтай сәйкес келеді;

5) Клиент, Салымшы (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) Шартты жасау үшін және жинақ банктік шотты ашу үшін қажетті барлық процедураны сақтады;

6) Шартты жасау және орындау үшін Клиенттің, Салымшының (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) берген барлық ақпараты нақты, толық және дәл болды/болады;

7) Шарт жасау және оның талаптарын орындау, оның ішінде Шарт бойынша банктік салым ашу Клиент, Салымшы (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына

орналастырған жағдайда) қатысты қолданылатын Қазақстан Республикасының және/немесе қолданыстағы заңнаманың қандай да бір нормасын бұзбайды және бұзуға әкеп соқтырмайды.

Шартқа барлық Қосымшалар (егер олар болса), Банктің Клиенттен, Салымшыдан (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) Шарт аясында қабылдаған (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) басқа да өтініштері, өтінімдері, егер оларда басқалай қарастырылмаса Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.Шарттың мәні

1.1. Банк пен Клиент, Салымшы (егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) арасында Қосылу туралы Өтінішке қол қою арқылы жасалаған Шарт негізінде Банк Клиенттің атына шот ашуға келіседі және Клиенттен (және / немесе Салымшыдан - егер Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) Шотқа (бұдан әрі - Салым) ақша қабылдауға, Шартта қарастырылған мөлшерде және тәртіпте Салым бойынша сыйақы төлеуге және Шарт талаптарына сәйкес Салымды қайтарып беруге келіседі.

1.2. Салымның атауы, түрі, Салым сомасы, валютасы, Салым мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, Шот нөмірі және Салым бойынша басқа да шарттар Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

1.3. Шартқа Тараптардың әрқайсысының қатысуы басымдық болып табылмайды және Тараптардың басқа келісімдерге қатысу құқығын шектемейді.

1.4. Клиент пен Банк арасында жасалған келісімдер негізінде Банк электронды банктік қызметтерді ұсынады, олар туралы ақпарат Банктің Интернет-ресурсында (www.alataucitybank.kz) немесе банктің қол жетімді жерінде орналастырылады. Байланыс телефондары және электронды банктік қызметтерді ұсыну мәселесі бойынша Банкке хабарласу мекенжайы Банктің қызмет жайында Клиент көруі үшін қолжетімді жерлерде (операциялық бөлімшелерде) Банктің Интернет-ресурсында (www.alataucitybank.kz) ұсынылады.

2. Шотты ашу, жүргізу және жабу шарттары

2.1. Салым Клиенттің (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда – Салымшының) таңдауы бойынша Шотқа түскен күні қабылданған болып есептеледі:

2.1.1. Қосылу туралы өтінішке сәйкес Банктен ағымдағы шоттан алу қарастырылған. шартты таңдаған кезде және Қосылу туралы өтінішке қол қойса Клиент (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда – Салымшы) Банкке оның Салым сомасын Шотты ашқан күні Қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда – Салымшының) ағымдағы шотынан Шартта белгіленген мөлшерде ақшаны Шотқа аудару үшін алуына келісім (құқық) береді. Бұл ретте Клиент (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда – Салымшының) тарапынан қандайда бір қосымша келісім/растам/нұсқама талап етілмейді.

2.1.2. Салымды Шотқа қолма-қол ақшамен салу. Шартты таңдау кезінде Клиент Салымды Шотты ашқан күні салады (Салымшы – Салымды Салымшы Клиент пайдасына орналастырған жағдайда).

2.2. Салым мерзімін есептеу Салымды Шотқа есептеген күннен басталады.

2.3. Банк Шотты Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүргізеді.

2.4. Салым бойына Банк Шартта Қосылу туралы өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы төлейді.

2.5. Шот бойынша шетел валютасында операциялар жасаған кезде операциялар Банк операциялар жасаған сәтте белгілеген айырбастау бағамына сәйкес жүзеге асырылады.

2.6. Шартта көзделген төлем қызметтері туралы ақпарат мына мекенжай бойынша

Банктің Интернет – ресурсында орналастырылған: www.alataucitybank.kz.

2.7. ҚР заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, қосылу туралы өтініште көрсетілген сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері Салымның бүкіл қолданылу мерзіміне бекітілген болып саналады.

2.8. Салым бойынша сыйақы Салым Шотқа есептелген күннен бастап күн сайын, жылдағы 360 күн және 1 айдағы 30 күн есебінен есептеледі. Бұл ретте, Салымды ұсыну күні мен Салымды қайтару күні бір күн болады.

2.9. Салым бойынша сыйақы төлеу Шарттың және Қосылу туралы өтініштің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес (егер осындай ұстау Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған болса) төлем көзінен бейрезент Клиенттен (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда Салымшыдан) ұсталатын табыс салығын (бұдан әрі –ТС) ұстай отырып жүргізіледі.

2.10. Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, банк салым сомасын қайтаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және қосылу туралы өтініште белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырады.

2.11. Салымды мерзімінен бұрын алғанға дейін, Клиент Салым үшін сыйақы алған жағдайда, Банк Қосылу туралы өтінішке сәйкес мөлшерлеме бойынша сыйақыны қайта есептеуді жүргізеді, артық төленген сыйақы сомасын Банк салым сомасынан, ал қажетті сома болмаған кезде Клиенттің/Салымшының Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан (Клиент шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) ұстайды.

2.12. Сыйақы төлеу Салымның талаптарына сәйкес Клиенттің (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда Салымшының) ағымдағы шотына/Қосылу туралы өтініште көрсетілген төлем карточкасы² пайдаланылатын Клиенттің (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда Салымшының) ағымдағы шотына жүргізіледі не ай сайынғы капиталдандыру жүзеге асырылады. Салым сомасын қайтару Клиенттің (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда Салымшының) ағымдағы шотына /Қосылу туралы өтініште көрсетілген төлем карточкасы³ пайдаланылатын Клиенттің (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда Салымшының) ағымдағы шотына жүргізіледі.

2.13. Егер Шарттың және Қосылу туралы өтініштің шарттары бойынша Салымды орналастыру мерзімін ұзарту қарастырылған болса, Салымды орналастыру мерзімі ұзартылған күннен бастап Салым шарты Банктің белгілеген және Салым мерзімін ұзартқан күні қолданыстағы Салымды орналастырудың стандартты шарттарына сәйкес белгіленеді. бұл ретте Салым сол мерзімге орналастырылады және Тараптар Шартқа қосымша келісімді Банк белгілеген үлгіге сәйкес жасайды. Салым бойынша есептелетін сыйақы Клиенттің Салымды орналастыру мерзімін ұзарту туралы берген өтінішіне сәйкес Қосылу туралы өтініште көрсетілген ағымдағы шотқа аударылуға тиісті болады.

2.14. Егер клиент шарт бойынша кәметке толмаған тұлға болып табылса, онда оған салым немесе оның бір бөлігін беру қолданыстағы заңнамада белгіленген шектеулер ескеріле отырып жүргізіледі.

2.15. Жеке басын куәландыратын құжат ретінде туу туралы куәлікті ұсынған 14 (он төрт) жастан 16 (он алты) жасқа дейінгі кәметке толмағандар кәметке толмаған Клиенттің жеке басын растау мақсатында заңды өкілдерінің қатысуымен ғана жинақ шоты бойынша операциялар жасайды.

2.16. Қабылданатын салымның сомасы (егер олар көзделген болса, қосымша жарналарды ескере отырып), егер ол қосылу өтінішінде көрсетілген шарттарда айқындалса, ең жоғары мөлшерден аспауға тиіс. Егер салым сомасы Салымның ең жоғары мөлшерінен асып кетсе, Банк ақшаны есептеуден немесе шотқа қолма-қол ақшаны қабылдаудан бас

² Қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің ағымдағы шотына/Салымшының кез келген ағымдағы шотында (Клиент шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда)

³ Қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің ағымдағы шотына/Салымшының кез келген ағымдағы шотында (Клиент шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда)

тартуға құқылы.

2.17. Мерзімі аяқталғаннан кейін Салымды қайтару Салымды орналастыру мерзімі аяқталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

2.18. Салымдарды қайтару, егер ҚР заңнамасында немесе тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, сол валютада жүргізіледі.

2.19. Салым сомасы және ол бойынша шоттан есептелген сыйақы алынған/қайтарылған күннен бастап салым қайтарылған болып есептеледі. Салымды қабылдау күні және оны қайтару күні бір күн болып есептеледі.

2.20. Салымды орналастыру мерзімін ұзарту (ұзарту) жағдайларын (егер бұл Салым шарттарында көзделсе) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша шотты жабуға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, салым қайтарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей салым толық қайтарылған кезде шот жабылады.

2.21. Банк салымның белгілі бір түрі бойынша ақша қабылдауды тоқтатуына байланысты салымның толық сомасын қайтару туралы хабарлама жіберген жағдайда, салым мерзімін одан әрі автоматты түрде ұзарту жүргізілмейді, салым оның қолданылу мерзімі өткенге дейін қолданылады (ал егер салым мерзімі автоматты түрде ұзартылса – соңғы ұзарту мерзімі аяқталғанға дейін).

3. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

3.1. Клиент/Салымшы (3.1.6. және 3.1.8. тармақтары бөлігінде) құқылы:

3.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, шартта белгіленген тәртіппен шоттағы ақшаға дербес билік етуге құқылы.

3.1.2. ҚР банк заңнамасында белгіленген қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың барлық нысандарын пайдалану, сондай-ақ ҚР заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда қолма-қол ақшамен операциялар жасау.

3.1.3. Банкте белгіленген операциялық күн ішінде, егер бұл Салым шарттарында көзделсе, шоттағы ақша қалдығы шегінде шот бойынша операциялар жүргізу туралы банкке нұсқау беру.

3.1.4. Банк Траифтерімен танысуға.

3.1.5. Салымды және ол бойынша есептелген сыйақыны Шартта көзделген талаптарда, мөлшерде және тәртіппен алу.

3.1.6. Шоттың жай-күйі туралы үзінді-көшірме, анықтама алу.

3.1.7. Шартта белгіленген тәртіпте және шарттарда салымды толық талап ету.

3.1.8. Шартта және Қосылу туралы өтініште көзделген талаптармен салымды толықтыруға және салымнан ақшаны ішінара алуға (егер бұл салым талаптарында көзделсе).

3.1.9. Шартта белгіленген талаптарды ескере отырып, қолданыстағы заңнамаға сәйкес Салымды, оның ішінде есептелген сыйақыны үшінші тұлғаларға мұра етуге және салымға билік етуге сеніп тапсыруға.

3.1.10. Банк бөлімшесінде немесе қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы (мобильді қосымша, Интернет-банкінг) (Банкте техникалық мүмкіндік болған жағдайда) Банк пен Клиент арасында жасалған Шартта және электрондық банк қызметтерін көрсету туралы өзге келісімдерде қарастырылған барлық тәсілдермен (оның ішінде сәйкестендіру тәсілдерімен) тиісті өтінішке қол қою арқылы шот ашу.

3.1.11. Банкке өтінішпен немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі - ЭЦҚ) шығару туралы мобильдік қосымша арқылы жүгіну қажет.

3.1.12. Банк бөлімшесіне келу (қатысу) қажет болатын жағдайларды қоспағанда, электрондық банк қызметтерін алу кезінде құжаттарға қол қою үшін ЭЦҚ пайдалану.

3.2. Клиент/Салымшы міндетті (3.2.2., 3.2.3., 3.2.15. тармақтар бөлігінде):

3.2.1. Шот бойынша кәсіпкерлік қызметті жүргізуге, нотариаттық қызметке, адвокаттық қызметке, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметке, дауларды

медиация тәртібімен реттеу жөніндегі қызметке байланысты операциялар жүргізу;

3.2.2. Шот ашу үшін ҚР заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және Шартқа сәйкес банк талап ететін тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсыну, сонымен қатар ҚР Салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығының Клиентке төленетін сыйақысынан ұстап қалудан босататын, сондай-ақ, қажет болған жағдайда шот бойынша операцияларды жүргізу үшін, сондай-ақ FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) «шетелдік шоттардың салық режимі туралы» Америка Құрама Штаттары Заңының талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың салық органдарына (Internal Revenue Service) клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру үшін, сондай-ақ ақпарат берудің бірыңғай стандарты (CRS) бойынша қаржы шоттары туралы Автоматты ақпарат алмасу туралы құзыретті органдардың көпжақты келісімінің талаптарына сәйкес тиісті құжатты ұсынуға.

3.2.3. Тұрғылықты жері өзгерген, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгерген, жеке басты куәландыратын құжаттар, клиентпен байланыс үшін пайдаланылатын телефон нөмірлері, Клиентпен/Салымшымен байланысу үшін қолданылатын байланыс ақпараты және байланыс тәсілі ауыстырылған кезде, сондай-ақ Шарттың талаптарын орындау үшін маңызы бар басқа да өзгерістер кезінде банкке осындай өзгерістер туралы олар тіркелген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, құжаттардың түпнұсқаларын не тиісті өзгерістерді/толықтыруларды растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну арқылы бұл туралы Банкке жазбаша түрде немесе Тараптар келіскен басқа да байланыс құралдары бойынша хабарлауға міндетті. Хабарламаған және/немесе уақтылы хабарламаған жағдайда Шартты орындауға байланысты орын алуы мүмкін салдарлар үшін Клиент/Салымшы жауапты болады.

3.2.4. Банкке ҚР заңнамасына және Шартқа сәйкес тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсына отырып, ҚР заңнамасына және Салымның шарттарына қайшы келмейтін шот бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы нұсқаулар беру.

3.2.5. Шартта және Қосылу туралы өтініште қарастырылған тәртіпте Салымды мерзімінен бұрын талап ету жағдайында, Банкке Шартты бұзудың болжамды күніне дейін Банк белгілеген нысанда Салымды қайтару туралы жазбаша өтініш беру:

а) 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын мерзімді салымдар бойынша;

б) 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын толық қайтарылған кезде жинақ салымдары бойынша.

3.2.6. Шартта және Қосылу туралы өтініште қарастырылған тәртіпте және шарттарда Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Бұл ретте Салымды мерзімінен бұрын талап ету күніне дейін бұрын есептелген және төленген сыйақыны Банк біржақты тәртіппен қайта есептейді (Салым сомасынан артық төленген сыйақы сомасы ұсталады) және Қосылу туралы өтініште белгіленген мөлшерде төленеді.

3.2.7. Салым сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Шарттың талаптарына сәйкес есептелген және төленген сыйақы сомалары арасындағы айырманы ұстап қалған жағдайда, Банкке жетіспейтін соманы Банкте ашылған банк шотына қолма-қол ақша салу арқылы төлеуге міндетті.

3.2.8. Үшінші тұлғаларға Шотты басқару құқығы берілген жағдайда, Банкке сенімхаттың түпнұсқасын беру керек. Шотты сенімхат негізінде басқаруға уәкілетті тұлғалардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, бұл туралы банкке 1 (бір) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға және осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті. Олай болмаған жағдайда Банк сенімхат негізінде шотты басқаруға уәкілетті тұлғалардың әрекеттері үшін жауап бермейді.

3.2.9. ҚР заңнамасы мен Банк қоятын талаптарға сәйкес Банктің Шот бойынша операцияларды жүзеге асыруы бойынша нұсқауларды ресімдеу және оларды Банк белгілеген операциялық күн ішінде ұсыну.

3.2.10. Төлем құжаты орындалғаннан кейін осындай орындаудың дұрыстығын

анықтауға және ол қате орындалған жағдайда, қате төлемнің орындалғаны анықталғаннан кейін 3 (үш) операциялық күн ішінде, бірақ қате нұсқауды немесе санкцияланбаған төлемді және (немесе) ақша аударымын орындаған күннен бастап 3 (үш) жылдан кешіктірмей анықталған қате туралы Банкке хабарлауға міндетті. Қате төлем туралы хабарламада клиент төлем құжатының деректемелерін және ол анықтаған қате деректемелерді көрсетеді.

3.2.11. Банк кассасына қолма-қол ақша салу немесе шотта тарифтерді төлеу үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз ету арқылы шот бойынша тиісті операция жасаумен бір мезгілде операцияны жүзеге асыру сәтіне қолданыстағы банк тарифтерімен белгіленген мөлшерде және тәртіппен Шарт бойынша банк қызметтеріне ақы төлеуге.

3.2.12. Тарифтердің, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі, Шарттың талаптарын өзгерту және толықтыру туралы Банктің Интернет-ресурсы: www.alataucitybank.kz арқылы өз бетінше білуге болады.

3.2.13. Салым Банктің кассасы арқылы талап етілген жағдайда, клиенттің жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну қажет.

3.2.14. Банк белгілеген операциялық күн ішінде, егер бұл Салымның шарттарында қарастырылған болса, Салым бойынша айырбастау жасауға.

3.2.15. Шот ашылған күні қосылу туралы өтініште көрсетілген салым сомасын шотқа енгізу/аудару. Егер Клиент /Салымшы (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) шотты ашқан күні салым сомасын салмаса / аудармаса, онда шарт жасалмаған болып есептеледі және шот автоматты түрде жабылады.

3.2.16. Қосылу туралы өтініште көрсетілген салым шарттары шеңберінде салымның төмендетілмейтін қалдығы бойынша шартты сақтау.

3.2.17. Қашықтан қол жеткізу жүйесіне кіруді жүзеге асыру кезінде және электрондық банктік қызметтерді ұсыну кезінде Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін пайдаланылатын сәйкестендіру құралдарына (клиенттің басқа клиенттерден ажыратуға, яғни сәйкестендіруге мүмкіндік беретін бірегей белгісі), сәйкестендіргіштерге және оларға сәйкес аутентификаторларға (күпия мәліметтер, қайталанбас заттар, физикалық сипаттамалары немесе клиенттің жеке басын және(немесе) операцияның түпнұсқалығын растауға, яғни аутентификациялауға мүмкіндік беретін комбинациялары) қолжетімділікті үшінші тұлғаларға бермеуге.

3.2.18. Қашықтан қол жеткізу жүйесіне кіруді жүзеге асыру кезінде және электрондық банктік қызметтерді ұсыну кезінде Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін сәйкестендіру құралдарының, сәйкестендіргіштердің және оларға сәйкес келетін аутентификаторлардың сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3.2.19. Электрондық банктік қызметтерді алу кезінде сәйкестендіру құралдарының көмегімен қол қойылған құжаттар үшін жауап беруге.

3.2.20. Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін сәйкестендіру құралдары, сәйкестендіргіштер және оларға сәйкес аутентификаторлар жоғалған/ұрланған жағдайда бұл туралы Банкке дереу, бірақ сәйкестендіру құралдарының жоғалғаны/ұрланғаны анықталған кезден бастап бір сағаттан кешіктірмей хабарлауға міндетті.

4. Банктің құқықтары мен міндеттері

4.1. Банк құқылы:

4.1.1. Шот ашу үшін ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген кез келген құжаттарды, сондай-ақ шот бойынша операцияларды жүргізу және өзге де Банктік қызметтерді ұсыну кезінде қажетті қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

4.1.2. тарифтерге өзгерістер және/немесе толықтыруларды Банктің Интернет-ресурсында (www.alataucitybank.kz) ақпаратты орналастыра отырып, осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізуге.

4.1.3. Клиенттің Банкке тарифтерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

туралы Клиентке хабарлаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк Тарифтеріне өзгерістерді және/немесе толықтыруларды қабылдамау туралы өтінішті ұсынбауы клиенттің тарифтерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Клиентті хабардар ету мерзімі аяқталған күннен бастап қолданысқа енгізілетін жаңа тарифтермен келісетінін білдіреді.

4.1.4. Клиент (Клиент салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда Салымшы) ақшаны талап еткен сәтке дейін Банктік практикаға сәйкес шоттағы ақша қалдығын пайдалануға құқылы.

4.1.5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша шоттан ақшаны алуды (есептен шығаруды) жүзеге асыру.

4.1.6. Клиенттің (Клиент салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда Салымшының) Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан ақшаны алдын ала хабарламай және шарт негізінде оның келісімінсіз алуға (есептен шығаруға):

а) қолданыстағы Тарифтерге сәйкес Шарт бойынша ұсынылған қызметтері үшін комиссиялық сыйақы сомасын ұстап қалу;

б) салым мерзімінен бұрын талап етілген кезде қайта есептеу нәтижелері бойынша Банк артық есептеген және төлеген сыйақы сомасын ұстап қалу жолымен жүзеге асырылады;

в) растайтын құжаттар болған кезде төлем құжаттарын қолдан жасау фактісі анықталғанда;

г) шотқа ақшаны қате есептеу фактісі анықталған жағдайларда жүргізіледі.

4.1.7. Клиент/Салымшы (Клиент салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда) Банкке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған; ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін нысанда толтырылған және ұсынылған төлем құжаттарын ұсынған; Клиент/Салымшы (Клиент салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда) төлемді/аударымды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген жағдайда; егер төлем құжатында ҚР заңнамасында және/немесе шарт талаптарында белгіленген өзге талаптар сақталмаған кезде қолдан жасау белгілері болса, Клиенттің/Салымшының (Клиент салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда) төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы.

4.1.8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен операцияны жүргізуден бас тартуға, шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар.

4.1.9. Клиент/Салымшы ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған немесе Клиент (оның өкілі)/Салымшы туралы деректерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке/Салымшыға қызмет көрсету процесінде клиент іскерлік қатынастарды Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл бойынша заңнамада (бұдан әрі- КЖ/ТҚҚ Заңы) қарастырылған Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда Клиентпен/Салымшымен (Клиент салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда) іскерлік қарым-қатынасты тоқтатуға.

4.1.10. Операцияларды, операцияларды жүзеге асыру/қаржыландыру үшін ақшаның шығу көздерін терең зерделеу жолымен жоғары бақылау шараларын жүргізу, Клиенттен/Салымшыдан қызмет көрсету және Клиент/ Салымшы жүргізетін операциялардың Банктің ішкі құжаттарының нормаларына/талаптарына, ҚР қолданыстағы заңнамасына, оның ішінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерге қарсы іс-қимыл және заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру туралы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру, сондай-ақ Банктің өзінің қолданыстағы ҚР заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты сұратуға. Банк Клиенттің/Салымшының қосымша келісімін алмай, корреспондент-банктерге және өзге де

қаржы институттарына, соның ішінде трансшекаралық беруді (яғни шет мемлекеттердің аумағына беруді) қоса алғанда, Клиенттен/Салымшыдан алынған кез келген ақпаратты, оның ішінде Клиенттің нұсқауы бойынша банк қызметтерін тиісінше көрсету мақсаттары үшін беруге, сондай-ақ қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға Клиенттің/Салымшының күдікті операциялары туралы ақпаратты жіберуге құқылы. Бұл ретте, Банк Банктің жоғарыда көрсетілген шараларды және/немесе жүргізілген шаралар негізінде (оларды жүргізу нәтижесінде) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган/Банк қабылдаған шешімдерді қолдануы салдарынан туындаған Шарт бойынша Клиенттің нұсқауларын/операцияларын орындамағаны/уақтылы орындамағаны үшін жауап бермейді.

4.1.11. Егер операцияны, оның ішінде шет мемлекеттердің банктерінде ашылған банктің корреспонденттік шоттарын пайдаланумен жасалатын операцияларды жүзеге асыруға ҚР заңнамасымен, осындай шет мемлекеттердің заңнамасымен, халықаралық ұйымдардың (оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының) актілерімен, халықаралық санкциялармен, соттардың және шет мемлекеттердің басқа да құзыретті органдарының шешімдерімен белгіленген шектеулермен тыйым салынса немесе егер операцияға қатысушы/пайда алушы шет мемлекеттердің халықаралық санкциялары немесе санкциялары қолданылған адамдардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылса Клиенттің/Салымшының операцияларын тоқтата тұру, сондай-ақ операция жасаудан бас тартуға.

4.1.12. Мынадай жағдайларда банктік қызмет көрсетуден бас тартуға:

а) Клиенттің/Салымшының Клиенттің/ Салымшының уәкілетті тұлғаларының кез келгенінің деректері ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қатысы бар тұлғалардың тізбесінде көрсетілген тұлғалардың деректерімен сәйкес келеді, сол сияқты, егер олар алаяқтар немесе жалған кәсіпкерлер тізімінде болса;

б) Клиенттің/ Салымшының резиденттік елі оларға қатысты санкциялар немесе Банкпен ынтымақтастыққа жол берілмейтін/ынтымақтастық қатынас орнатпағанды жөн көретін өзге де шектеулер енгізілген немесе ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты тиісті түрде іске асырылмаған елдердің тізбесімен сәйкес келеді;

в) Клиент / Салымшы негізсіз себептер бойынша өзін сәйкестендіруден өткізуге немесе өзі жүргізетін операцияларға қатысты, ҚР заңнамасының талаптарына, халықаралық талаптарға, банктің ішкі құжаттарына сәйкес болуы міндетті ақпаратты ұсынбай отыр.

4.1.13. Клиент/Салымшы ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған не Клиент/Салымшы Клиент (оның өкілі)/Салымшы туралы деректерді жанарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке/ Салымшыға қызмет көрсету процесінде іскерлік қатынастарды Клиент/ Салымшы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамасында көзделген, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда Клиентпен / Салымшымен іскерлік қарым-қатынасты тоқтатуға.

4.1.14. Клиент ҚР заңнамасын бұзған, Клиент/ Салымшы Банкте шоттың болуына байланысты өз міндеттемелерін орындамаған, шот бойынша теріс баланс қалыптасқан, Клиент банкроттыққа ұшыраған немесе таратылған, Клиент/Салымшы Қылмыстық қудаланған немесе оны қылмыстық жауаптылыққа тартқан, Клиент/ Салымшы халықаралық қудаланған жағдайда, егер Клиентке/Салымшыға қатысты FATF, OFAC, БҰҰ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, шетелдік/халықаралық/ұлттық ұйымдар салған қандай да бір санкциялар немесе шектеулер болса, егер Банкте Клиент/ Салымшы террористік қызметке және/немесе Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) жөніндегі қызметке қатысады және/немесе Клиентті/ Салымшыны қылмыстық қудалауға және/ немесе Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген теріс салдары болуы мүмкін өзге де жағдайлардың туындауына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін қандай да бір өзге қызметті жүзеге асырады деген күдік болса (және Банк өзінің күдігін негіздемеуі және

дәлелдемеуі тиіс) Клиентпен/Салымшымен іскерлік қатынастарды Клиентке/Салымшығаалдын ала ескертусіз тоқтату және оған жекелеген немесе барлық қосымшалар бөлігінде Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тарту, Шотты (шоттарды) жүргізуді және оларға қызмет көрсетуді тоқтата отырып, шотты (шоттарды) жабуға.

4.1.15. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы"ҚР Заңында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша шартты орындаудан бас тарту. Банк шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Клиентке/Салымшыға Шартты орындаудан бас тарту туралы (толықтай) телефон арқылы хабарлайды/Клиенттің/Салымшының мекенжайына электрондық нысанда немесе пошта арқылы (Банктің қалауы бойынша) хабарлама жібереді. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылды деп есептеледі, бұл ретте Тараптар арасында Шартты бұзу туралы келісім жасасу талап етілмейді. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" ҚР Заңында белгіленген жағдайларда шартты орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

4.1.16. Қаржы мониторингін жүзеге асыратын және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөнінде өзге де шаралар қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органның КЖ/ТҚҚІҚ Заңына сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне Клиентті иесін қосу туралы ақпараты негізінде Клиенттің шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға.

4.1.17. Егер Салым сомасы оны Клиенттің/Салымшының (салымға қатысты құқықтардан Клиент бас тартқан жағдайда Салымшының) алып қою нәтижесінде Салым сомасы салымның (төмендетілмейтін қалдықтың) ең төмен сомасының мөлшерінен кем болған жағдайда (егер төмендетілмейтін қалдық туралы шарт көзделген болса), Қосылу туралы өтініште көзделген талаптарға сәйкес сыйақыны қайта есептеуді жүргізе отырып (салымды толық мерзімінен бұрын алып қою/шартты мерзімінен бұрын бұзу кезінде жүргізілетін сыйақыны қайта есептеу), Клиенттің шотын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын жабу және салым сомасын қайтаруға (бар болса).

4.1.18. Банкке уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) лауазымды адамның шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі келіп түскен жағдайда Шот бойынша операцияларды тоқтата тұруға.

4.1.19. Клиентте Шотқа орындалмаған талаптар немесе мүлікке билік етуге уақытша шектеу туралы алынбаған актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды адамдардың шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ Клиенттің шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер болған кезде шотты жабудан бас тартуға.

4.1.20. Мемлекеттік кіріс органдары инкассалық өкімдер және/немесе шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер қойған және ҚР заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда, Банкте ашылған банктік шоты болған кезде Клиентке қосымша шоттар ашудан бас тартуға.

4.1.21. Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен өзгертуге болады:

а) Салым және Шартты ұзарту мерзімі өткеннен кейін;

б) егер мұндай ұлғаю Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, қолданыстағы шарттар бойынша ұлғаю жағына қарай.

Банк Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесінің және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің ұлғаюы туралы Клиентті хабардар етуді Банктің Интернет-ресурсында: www.alataucitybank.kz мекенжайы бойынша ақпаратты орналастыру арқылы жүргізеді.

Егер салым мерзімін ұзарту кезінде сыйақы мөлшерлемесі оны азайту жағына қарай өзгерген жағдайда, Банк Клиентті салым мерзімі аяқталғанға дейін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін азайту туралы банктің Интернет-ресурсында: www.alataucitybank.kz мекенжайы бойынша ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді, бұл ретте Қосымша келісім жасалмайды.

4.1.22. Шарттың талаптарын сақтай отырып, Шартты мерзімінен бұрын бұзған кезде есептелген сыйақыны төлеуді жүргізбеу/салым сомасынан, бұрын төленген сыйақыға тең соманы ұстап қалуға.

4.2. Банк міндетті:

4.2.1. Клиентке Шарттың талаптарына сәйкес қолданыстағы тарифтер туралы хабарлауға.

4.2.2. Клиентке жеке сәйкестендіру кодын бере отырып шот ашу, клиент банк талап ететін барлық құжаттарды ұсынған кезде оның сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз ете отырып, шотқа орналастыра отырып, салымды қабылдауға.

4.2.3. Шот ашқаннан кейін Клиенттің өтініші бойынша жеке сәйкестендіру коды көрсетілген ашық шот туралы анықтама беруге.

4.2.4. ҚР заңнамасына және Шартқа сәйкес шот бойынша операцияларды жүзеге асыруға.

4.2.5. Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) салым сомасын толық көлемде алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Шотты жабуға.

4.2.6. Клиенттің талабы бойынша төлем құжаттарының даналарын қоса бере отырып, шот бойынша үзінді-көшірме беру арқылы Клиентке/Салымшыға (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) Шартта көзделген тәсілдердің бірімен талап келіп түскен күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей шот бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпарат беруге.

4.2.7. Уәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды адам шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімді және (немесе) өкімді, мүлікке билік етуді уақытша шектеу туралы актіні кері қайтарып алғаннан кейін, сондай-ақ ҚР Қылмыстық-процестік кодексінде, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» және «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен Клиенттің/Салымшының (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) шоты бойынша операцияларды қайта бастауға. Клиенттің/Салымшының (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) шотындағы ақшаға салынған тыйым салу Клиенттің/Салымшының (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) ақшасына тыйым салу құқығы бар адамның ақшаға тыйым салу туралы бұрын қабылдаған актісінің күшін жою туралы тиісті жазбаша хабарламасының негізінде немесе шоттағы ақшаға бұрын салынған тыйым салуды орындау үшін ұсынылған инкассалық өкімді Банк орындағаннан кейін не «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қаралған жағдайларда алып тасталады.

4.2.8. Үшінші тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар және (немесе) Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары және (немесе) жеке сот орындаушылары ұсынған төлем құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындауға.

4.2.9. Клиентті/Салымшыны (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) Шартта көзделген тәсілдердің бірімен, инкассалық өкімді қоспағанда, төлем құжатын орындаудан бас тарту туралы хабардар етуге. Мұндай хабарламаны жіберген күн төлем құжатын орындаудан бас тартылған күн болып есептеледі.

4.2.10. Банк сыйақы мөлшерлемесін және Шарт бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен өзгерткен жағдайда Шартқа қосымша келісім жасалмайды.

4.2.11. Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) ҚР Салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығын ұстаудан босататын құжатты ұсынған кезде бұрын ұсталған және бюджетке төленген табыс салығы клиенттің шотына қайтарылады.

4.2.12. Салымды қайтару және ол бойынша есептелген сыйақыны Шартта белгіленген

мөлшерде және тәртіпте, Шарттың және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес ұсталған/алынған сомаларды, оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкес төлем көзінен алынатын табыс салығының сомасын шегере отырып төлеу (егер мұндай ұстап қалу ҚР заңнамасында көзделген болса).

4.2.13. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес салым құпиясына кепілдік беруге. Клиенттің/Салымшының (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) келісімінсіз салымға қатысты анықтамаларды үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және шартта көзделген жағдайларда ғана ұсыну қажет.

5.Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершілікті алып тастау негіздемелері

5.1. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптың алдында Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

5.2. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы жағдайлары үшін жауап бермейді, егер мұндай жағдайлар еңсеруге келмейтін жағдайлардың нәтижесі болса, олар: уәкілетті мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің шектеу және тыйым салу сипатындағы актілерді шығаруы/шараларды қабылдауы, бағдарламалық жасақтаманың істен шығуы, электр энергиясының өшуі, байланыс желілерінің зақымдануы және Тараптардың бақылауынан тыс және Шарттың мәнімен тікелей байланысты басқа жағдайлар.

5.3. Банк Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған Шоттағы операцияларды тоқтата тұру және/немесе Шоттағы ақшаны тәркілеу нәтижесінде Клиентке келтірілген шығындар үшін жауап бермейді.

5.4. егер Шарттың 3.2-тармағы 3.2.3-тармақшасына сәйкес, Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) Шотты басқаруға уәкілеттік берген тұлғалардың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатуы туралы Банкке хабарламаған/уақтылы хабарламаған жағдайда, Банк Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) Шотқа иелік етуге уәкілеттілік берген осы тұлғалардың іс-әрекеттері үшін жауапкершілік алмайды.

5.5. Кез келген жағдайда Шарт бойынша Банктің жауапкершілігі Клиентке/Салымшыға (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) Банктің кінәлі әрекетінен/әрекетсіздігінен келтірілген нақты залал мөлшерімен шектеледі. Нақты залалды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

5.6. Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) Шарт талаптарын бұзу кезінде Банк өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік алмайды.

5.7. Клиент/ Салымшы (Клиент Шарт бойынша құқықтардан бас тартқан жағдайда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзі жасаған операциялардың заңдылығына, сондай-ақ Шартта қарастырылған қызметтерді жүзеге асыруға негіз болатын Банкке ұсынылған құжаттардың дұрыстығына жауап береді.

5.8. Клиент және/немесе үшінші тұлғалар төлем құжаттарын тиісінше ресімдеген жағдайда Банк Шот бойынша операцияларды уақтылы жасамағаны үшін жауапкершілік алмайды.

5.9. Банк жойылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда Салым бойынша өтеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

6. Шарттың қолданыс шарттары

6.1. Шартты жасау банктің Клиент (оның өкілі) және Салымшы (Салымшы

Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда –Салымшы) қол қойған, тиісті бұрыштамалар қойылған Қосылу туралы өтінішті қабылдауы немесе Салымды мобильді қосымша, «Интернет-банкинг» жүйесі арқылы ашқан кезде Банк пен Клиент/Салымшы (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда –Салымшы) арасында жасалған электрондық банктік қызметтерді көрсету туралы келісімде көзделген сәйкестендіру тәсілдерін пайдалана отырып, Клиенттің және Салымшының Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда –Салымшының) электрондық түрде қол қоюы арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте тиісті салым шарты осындай салым сомасын Банкте ашылған шотқа енгізген/аударған күннен бастап, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, шот жабылған кезге дейін қолданылады.

7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Шартта реттелмеген мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

7.2. Шартты жасау және орындау процесінде туындайтын немесе онымен байланысты (оның ішінде санкцияланбаған операциялар бойынша) барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар бірлесіп 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

7.3. Шартқа байланысты келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар (келіспеушіліктер), азаматтық іс жүргізу заңнамасының талаптарына сәйкес айрықша соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда, банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша (Банктің қалауы бойынша) Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

8. Шартты өзгерту және/немесе толықтыру тәртібі

8.1. Банк туралы Банктің Интернет-ресурсында (www.alataucitybank.kz) немесе Банктің қызмет жайында Клиент/Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) көруі үшін қолжетімді жерлерде (операциялық бөлімшелерде) хабарламалар жариялау арқылы Шартқа бір жақты тәртіпте өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашылық (оларға қосымша келісім жасау арқылы енгізілетін Қосылу туралы өтініште көрсетілген шарттар кірмейді) жасауға құқылы.

8.2. Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ақпаратты жариялаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және/немесе толықтыруларды ескере отырып Клиенттің/Салымшының /Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) Банкке Шарт талаптарын қабылдамау туралы өтінішті бермеуі Клиенттің, Салымшының (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) Шарттың жаңа редакциясымен (өзгертілген/толықтырылған) келісетіндігін және енгізілген өзгерістер және/немесе толықтыруларды ескере отырып оған толық қосылатындығын білдіреді.

8.3. Шартқа өзгерістер және/немесе толықтыруларды енгізілгеннен кейін ол осы өзгертілген және/немесе толықтырылған түрінде қолданысын жалғастыра береді.

8.4. Шартқа өзгерістер және/немесе толықтыруларды енгізуді талап ететін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда, Шартқа өзгерістер және/немесе толықтыруларды енгізгенге дейін Шарттың 8.1.-8.3. тармақтарында белгіленген тәртіпте Шарт тараптары Қазақстан Республикасының тиісті қағидаларын басшылыққа алады.

9. Құпиялылық

9.1. Тараптар Шартқа байланысты бір-біріне берген кез келген ақпарат, сондай-ақ Шартты жасау фактісі құпия ақпарат болып табылады және егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Шарт талаптарынан өзгеше туындамаса басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімін алмай үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

9.2. Егер Клиент/Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) құпия ақпаратты жарияласа немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздерінен белгілі болған болса Банк ол бойынша жауапкершілік алмайды.

9.3. Қосылу туралы өтініш бергенде Клиент//Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда –Салымшы) Клиентке/Салымшыға (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) банктік және/немесе өзге де қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес, оларда көрсетілген ақпаратты ашу деңгейіне сәйкес болу қажеттілігін анықтайтын кез келген ақпаратты жария етуді талап етуге құқылы, ал Клиент/Салымшы(Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) Банкке оның бірінші талап етуі бойынша кез келген ақпаратты Банк белгілеген мерзімде ұсынуға міндетті.

9.4. Қосылу туралы өтініш бере отырып, Клиент және Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) Клиенттің және Салымшының (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) қандай да бір қосымша келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шарттың негізінде құпия негізде Клиент, Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) және шарттың талаптары туралы мәліметтер мен ақпаратты, сондай-ақ Клиентке/Салымшыға (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) және немесе шартқа қатысы бар, оның ішінде банктік құпияны, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын өзге де ақпаратты (бұдан әрі – Ақпарат) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен келесі үшінші тұлғаларға:

а) Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктің үлестес заңды тұлғаларына; уәкілетті мемлекеттік органдарға, соттарға, құқық қорғау органдарына (оның ішінде анықтау және/немесе алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) олардың сұрау салуы бойынша, немесе Клиент Банк алдындағы міндеттемелерді бұзған жағдайда, немесе Клиент/Салымшы ҚР заңнамасының нормаларын, Клиентке, Салымшыға және/немесе Банк пен Клиент/Салымшы арасында жасалған, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан, ҚР заңнамасында айқындалғандай банк құпиясын, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, Шартқа және/ немесе өзге де шарттарға қатысы бар барлық және кез келген ақпаратты бұзған жағдайда;

б) Талдамалық сауалнамаларды жүзеге асыру, берешекті қайтару жөніндегі қызметтерді, консультациялық, заңдық, аудиторлық және төлемді жүзеге асыруға және/немесе ақша аударуға байланысты (оның ішінде корреспондент банктерге, төлем карточкаларының халықаралық төлем жүйелеріне және т. б.) өзге де қызметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, өзге де қызметтер көрсету үшін Банк, Банк акционерлері және/немесе Банктің үлестес тұлғалары жалдаған немесе болашақта жалдайтын кез келген үшінші тұлғаларға, осындай үшінші тұлғаларға Банк, Банк акционерлері және/немесе Банктің үлестес тұлғалары алдындағы өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік беру үшін, сол сияқты ҚР заңнамасы шеңберінде өз функцияларын іске асыру үшін, - Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай, Клиентке/Салымшыға және/немесе Шартқа және/немесе Банк және/немесе Клиент/Салымшы және/немесе үшінші тұлғалар арасында жасалған, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан, банк құпиясын құрайтын басқа шарттарға қатысты кез келген ақпаратты, сондай-ақ Банкке, Банк акционерлеріне және/немесе Банктің үлестес тұлғаларына тиісінше қызмет көрсету үшін, сондай-ақ ҚР заңнамасы шеңберінде өз функцияларын іске асыру үшін (ҚР Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кіріс органдарына есептер/есептер/ ақпарат беру)қажетті және жеткілікті коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сондай-ақ мұндай ақпаратты/мәліметтерді ұсыну қажеттілігі/міндеті туындайтын / болатын өзге де жағдайларда;

в) ҚР уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдарына, оның ішінде АҚШ салық органдарына (IRS) және шетелдік салық агенттеріне, – Қазақстан

Республикасының заңнамасында айқындалғандай, Клиентке/Салымшыға және/немесе Банк пен Клиент/Салымшы арасында жасалған, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан, банк құпиясын құрайтын Шартқа және/немесе өзге де шарттарға қатысы бар кез келген ақпаратты, сондай-ақ ҚР ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарын іске асыру мақсатында коммерциялық және/немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны.

г) тұрғылықты жері өзгерген, тегі, аты, әкесінің аты өзгерген (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаттарды, телефон нөмірлерін, клиентпен байланысу үшін пайдаланылатын байланыс ақпаратын және байланыс тәсілін ауыстырған кезде, сондай-ақ Шарт талаптарын орындау үшін маңызы бар басқа да өзгерістер болған кезде Клиент пен Салымшы осындай өзгерістер тіркелген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Банкке осындай өзгерістер туралы хабарлауға міндеттенеді.

Банк құқылы:

а) Банк заңнама талаптарына, жасалған шарттарға және басқа жағдайларда осындай әрекеттерді жасауға міндетті немесе құқығы болған кезде уәкілетті мемлекеттік органдарға және Шартта көрсетілген үшінші тұлғаларға ақпарат беруге;

б) Ақпаратты трансшекаралық тасымалдауды, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес жүзеге асырады;

в) Ақпаратты, оның ішінде Заңға сәйкес таратуға;

г) Ақпаратқа қол жеткізу шарттарын дербес анықтауға;

д) Банкпен құқықтық қатынастар тоқтатылғаннан кейін, ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген сақтау кезеңінде кез келген тасымалдауышта сақтауға.

Банк ақпаратты жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша Банктің қабылдаған әрекеттері туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес. Банк қажет деп тапқан жағдайда, Клиент, Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) Банкке Клиенттің/Салымшының (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) дербес мәліметтер субъектілерінен алған дербес мәліметтерді жинау және өңдеуге, дербес мәліметтерді үшінші тұлғаға, сондай-ақ Банкке беруге, оларды Банктің жинауы және өңдеуіне, трансшекаралық жіберуге келісімнің бар екенінің құжаттамалық растамасын Банкке береді. Жоғарыда көрсетілген келісімдер болмағаны үшін жауапкершілік Клиентке/Салымшыға (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) жүктеледі. Егер Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай-да бір шара қолданылса, Клиент/Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) Банк талаптары бойынша Банктің кез келген шығындары мен залалдары үшін Банкке өтемақы төлеуге міндеттенеді.

10. Шарттың ерекше шарттары

10.1. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Шоттан ақша алуға құқықтары бар үшінші тұлғалардың нұсқауларын Банк Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте және мерзімде орындайды.

10.2. Банкке уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) лауазымды тұлғаның Шот бойынша шығыстар операцияларын, сондай-ақ мүлікке билік етуді уақытша шектеу актілерін, Салым сомасының бір бөлігіне тыйым салуды қоспағанда, Салымның барлық сомасына тыйым салу актілерін тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі түскеннен кейін Банк Шот бойынша шығын операцияларын тоқтатады және Клиенттің/Салымшының (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) өтініші бойынша Салымды (егер Салым шарттарында қарастырылған болса, Салым бөлігін) беруге құқылы емес.

10.3. Мерзімді және жинақ салымдары бойынша Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие үшінші тұлғалар ұсынған салым сомасының бір

бөлігін алу туралы Нұсқауды орындаған жағдайда және Клиенттің/Салымшының (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) салымды талап ету туралы өтініші болмаған жағдайда салымның нақты қалдығына салым мерзімі аяқталғанға дейін шарт талаптарына сәйкес сыйақы есептеу жүзеге асырылады. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие үшінші тұлғалар ұсынған Салымның барлық сомасын алу туралы Нұсқауды орындаған жағдайда сыйақыны қайта есептеу жүргізілмейді.

10.4. Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына қайшы келмейтін Шарттың 10.3-тармақшасына сәйкес үшінші тұлға талап еткен нұсқамаларды Банк орындаған жағдайда Шотта орналастырылған ақша сомасының барлығын алған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес Шот жабылады. Шоттан ақшаны алу үшін ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес тәртіпте Шоттан ақшаны алу туралы нұсқаманы орындайды. Егер ақша сомасын басқа валютада (Шот валютасынан басқа) алған жағдайда алынған ақшаны айырбастау Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіпте Банктің қолданыстағы тарифтері бойынша айырбастағаны үшін комиссия ұстай отырып жүргізіледі.

10.5. Егер үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындағаннан кейін шотта ақша қалдығы болмаса не қалдық сомасы шартты мерзімінен бұрын бұзу кезінде қолданылатын талаптарға сәйкес есептелген сыйақы сомасы мен шартта белгіленген мөлшерлеме бойынша төленген сыйақы сомасы арасындағы айырманы Банкке өтеу үшін жеткіліксіз болса, Банк төленуге тиіс соманы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Клиенттің/Салымшының (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) банкте ашқан кез келген банктік шоттарынан алады.

10.6. Егер Салымның барлық сомасына ауыртпалықтар (тыйым салу/шығын операцияларын тоқтата тұру туралы өкім) болса, сыйақы Салым мерзімі аяқталғанға дейін есептеледі. Салым мерзімі аяқталғаннан кейін Банк тек Салымды орналастыру мерзіміне есептелген сыйақы төлейді.

10.7. Уәкілетті мемлекеттік органдардың және немесе лауазымды тұлғалардың және/немесе сот орындаушыларының ауыртпалықтары (қамауға алу / шығыстармен операцияларды тоқтата тұру туралы бұйрық) болған кезде, Салым сомасының бір бөлігіне мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актіні алғаннан кейін және салымшының ауыртпалықсыз салым сомасын мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш қабылдаған кезде, ауыртпалықсыз Салым сомасы Қосылу туралы өтініште көрсетілген ағымдағы шотқа аударылуға тиіс. Клиент Шотындағы ақшаға салынған тыйым тиісті құжат және Клиенттің ақшасын алып қоюға құқығы бар тұлғаның жазбаша хабарламасы негізінде, ақшаны ұстау туралы бұрын қабылданған актінің күшін жою туралы немесе Банк Шоттағы ақшаға бұрын салынған тыйымды орындау үшін шығарылған инкассалық өкімді орындағаннан кейін немесе Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңында қарастырылған жағдайларда алынады.

10.8. Осы арқылы Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) Банкке Шарт бойынша барлық берешек сомасын, соның ішінде Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) Банкке Шарттың талаптарына сәйкес қайтаруға тиіс, төленген сыйақы сомасын Банкте ашылған Клиенттің//Салымшының (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) банктік шоттарынан осындай шоттарды тікелей дебеттеу арқылы алуға қарсылықсыз келісім береді.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Шарт мәніне байланысты Тараптардың толық қарым-қатынасын білдіреді және Шартқа қатысты Тараптар арасында алдында ауызша немесе жазбаша жасалған барлық келісімдерді алмастырады.

11.2. Шарт Тараптар, олардың құқықтық мұрагерлері мен уәкілетті өкілдері үшін міндетті болып табылады.

11.3. Егер Шарттың қандайда да бір шарты заңсыз немесе жарамсыз болатын болса, ол Шарттың басқа ережелерінің жарамдылығы мен заңдылығына ешқандай ықпал етпейді. Егер Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу нәтижесінде Шарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келетін болса, Тараптар Қазақстан Республикасының тиісті заңнама нормаларын басшылыққа алатын болады.

11.4. Шотқа қызмет көрсетумен байланысты Банк қызметтерді, қоса алғанда және шектелмей: есептеу, беру, аударуды Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) операция кезінде қолданыстағы тарифтерге сәйкес төленеді.

11.5. Клиент/Салымшы Банктің банктегі қылмыстық іс-әрекеттерге және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға, мысалы, ақшаны жылыстатуға, терроризмге, алаяқтыққа, сыбайлас жемқорлыққа және тағы басқаларға тарту жағдайларын болдырмау бойынша белсенді жұмыс істейтіндігін мойындайды және келіседі. Банктің жұмыс стандарттары Банктің беделін сақтауға және қорғауға, сондай-ақ клиенттердің Банктің тұтастығына деген сенімін ешқандай жолмен төмендетпеуге бағытталған. Осыған байланысты Банк, өз қалауы бойынша, Банк клиенттеріне және Банк клиенттері жүзеге асыратын операциялар мен операцияларға мезгіл-мезгіл өзгеріп отыруы мүмкін белгілі бір талаптарды белгілейді. Осылайша, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес критерийлер / негіздемелер белгілей алады, оған сәйкес белгілі бір операция немесе Банк Клиентінің//Салымшының операциясы әдеттен тыс операция (операция) ретінде анықталуы және күдікті ретінде жіктелуі мүмкін.

11.6. Жемқорлыққа қарсы түсініктеме Шарт бойынша Тараптар, олардың аффилирленген тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

1) қандай да бір заңға қайшы басымдықтар немесе басқа да заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттері немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тура немесе жанама түрде ақшалар немесе құндылықтар төлемейді, төлеуді ұсынбайды және олардың төленуіне рұқсат бермейді;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен пара беру/алу, коммерциялық сатып алу, жемқорлық ретінде жіктелетін әрекеттер орындамайды.

Шарт Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен ынталандырудан, соның ішінде екінші Тараптың қызметкерін өзіне бағынышты ететін және осы қызметкердің оны ынталандырушы Тараптың пайдасына белгілі бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған ақшалар, сыйлықтар беру, олардың жұмыстарын (қызметтерін) тегін орындау арқылы және осы тармақта аталмаған басқа да кез келген әдістермен ынталандырудан бас тартады.

Тарап қызметкерінің оны ынталандырушы Тараптың/Клиенттің пайдасына жасалатын әрекеттері ретінде келесілер түсіндіріледі:

а) басқа контрагенттермен салыстырғанда жөнсіз басымдықтар беру;
б) қандай да бір кепілдіктер ұсыну;
в) тиісті процедураларды жеделдету;
г) өзінің лауазымдық міндеттемелерінің аясында қызметкерлермен орындалатын, бірақ Тараптар арасындағы өзара арақатынастардың ашықтығы мен анықтығы қағидаттарына қарсы болатын басқа да іс-әрекеттер.

11.7. Шартта берілген баптардың орналасу тәртібі, баптардың атауы және басқа да тақырыптар ыңғайлы болу үшін алынған және оларда Шарттың қандайда да бір ережелерін шектеу, сипаттау немесе түсіндіру болмайды.

11.8. Шарт орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жасалды. Шарттың қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі мәтіні сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады. Қосылу туралы өтініш 2 данада орыс және қазақ тілдерінде, сондай-ақ Клиенттің, Салымшының қалауы бойынша (Салымшы Клиенттің пайдасына Салым орналастырған жағдайда) ағылшын тілінде жасалады.

11.9. Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) бастамашылық еткен төлем құжаты, егер Банк төлем құжаттарының орындалмағаны туралы хабарламаны Клиенттің нұсқамаларын алған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде алмаған болса, әдепкі бойынша орындалған болып саналады.

11.10. Шарттың бір данасын Шотқа Салым сомасын аударған/қолма-қол ақшамен салған кезде Клиенттің/Салымшының (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған жағдайда) талап етуі бойынша берілуі мүмкін. Клиент/Салымшы (Клиент Шарт бойынша өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда) Шартта көрсетілгеннен басқа Банк ұсынатын қызметтерді алғысы келесе, тиісті қызметтерді көрсету үшін жеке шарттар жасау талап етіледі, сонымен қатар сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және/немесе Банктің ішкі саясатында, стандарттарында, рәсімдерінде және басқа ішкі құжаттарында берілген басқа шарттарды сақтау талап етіледі.

11.11. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Банктен Клиентке, Салымшыға (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған кезде) кез келген хабарламалар мынадай өлшемшарттардың кем дегенде біреуіне сәйкес келетін кезде жазбаша түрде ресімделген және Клиент, Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған кезде) оны алған болып саналатындығына Тараптар осы арқылы келіседі және растайды:

11.11.1. алу туралы қолхатпен жеке табыс етіледі;

11.11.2. курьерлік немесе пошта қызметі арқылы жіберіледі;

11.11.3. электрондық пошта (e-mail) арқылы жіберіледі;

11.11.4. бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Банктің Интернет-ресурсында орналастырылады: (www.alataucitybank.kz);

11.11.5. «Интернет-Банкинг» жүйесінде орналастырылады;

11.11.6. мобильді телефон нөміріне SMS-хабарламамен жіберіледі.

11.12. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Клиенттен, Салымшыдан (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған кезде) Банкке кез келген хабарламалар мынадай өлшемшарттардың кем дегенде біреуіне сәйкес келетін кезде жазбаша түрде ресімделген және Банк оны алған болып саналатындығына Тараптар осы арқылы келіседі және растайды:

11.12.1. Банктің уәкілетті қызметкеріне, оның ішінде Банк кеңсесінің қызметкеріне алғаны туралы қолхатпен тапсырылады;

11.12.2. курьерлік немесе пошта қызметі арқылы жіберіледі .

11.13. Клиент, Салымшы (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған кезде) Шартқа сәйкес Банкке жазбаша хабарламаған, Клиенттің, Салымшының (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған кезде) деректемелерінің өзгеруінен туындаған Клиенттің, Салымшының (Салымды Клиенттің пайдасына Салымшы орналастырған кезде) хабарламалар мен хабарламаларды алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін Банк жауап бермейді.

Банктің деректемелері:

A26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев

даңғылы, 242-үй

БСН 920140000084

ҚР ҰБ ЖСК KZ48125KZT1001300336

БСК TSESKZKA

Жеке тұлғалардың, Private Banking клиентінің
банктік салым шартының 1-қосымшасы

Қосылу туралы өтініштің үлгілік нысаны

**Жеке тұлғаның, Private Banking клиентінің банктік салым шартына қосылу туралы
№ _____
өтініш**

_____ қ.

_____ -дан

(Т.А.Ә.)

«Alatau City Bank» АҚ-тан (бұдан әрі – Банк) осы Жеке тұлғаның, Private Banking клиентінің банктік салым шартына қосылу туралы өтінішті (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) (Банктің Интернет-ресурсында мына мекенжай бойынша орналастырылған: www.alataucitybank.kz) қабылдауды және № _____ жинақ ақша шотын (бұдан әрі – Шот/жинақ ақша шоты) ашуды және мынадай талаптармен банктік салым орналастыруды сұраймын:

№	Банктік салым шарты бойынша ақпарат	Шарттардың қысқаша мазмұны
1	Салымның (Өнімнің) атауы	Elite
2	Банктік салым түрі	Мерзімді салым
3	Салым валютасы	_____ (өнім паспортының шарттарына сәйкес салым валютасын көрсету)
4	Кепілдік өтемнің ең жоғары (шекті) сомасы (салым бойынша кепілдік сомасы)	
<p><input type="checkbox"/> Ұлттық валютадағы салымдар бойынша 10 (он) миллион теңгеге дейін; <input type="checkbox"/> Шетел валютасындағы салымдар бойынша 5 (бес) миллион теңгеге дейін. Егер Банкте түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше депозиттер (салымдар)/банктік шоттар орналастырылса/ашылса, онда депозиттің (салымның)/банктік шоттың әрбір түрі бойынша шектерді ескере отырып, барлық депозиттер (салымдар)/банктік шоттар бойынша соманың жиынтық қалдығына, бірақ кепілдік өтемнің ең жоғары сомасы– 20 (жиырма) миллион теңгеден аспайтын сомаға кепілдік беріледі. Маңызды: кепілдік өтемді депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым салым бойынша есептелген сыйақыны және шоттағы қалдық сомасын ескере отырып, депозиттегі (ағымдағы шоттағы/салымдағы) қалдық сомасын негізге ала отырып, бірақ "Екінші банктерде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" ҚР Заңының 18-бабында белгіленген кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайтын мөлшерде төлейді Банкті лицензиядан айыру күніне арналған.</p>		
5	Салымды толық / ішінара мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі мен шарттары	<p><u>Салымды толық мерзімінен бұрын алу:</u> 6-жолда көрсетілген шарттарды ескере отырып көзделген. Артық есептелген / төленген / капиталдандырылған сыйақы сомасы Салым сомасынан ұсталады, салымның (депозиттің) қалдығы Клиент/Салымшының (Клиент салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда салымшының) талабы түскен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірілмей қайтарылады.</p>

		<p>Салым мерзімі өткеннен кейін Клиентке/Салымшыға (Клиент Салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда Салымшыға) Салымды қайтаруды Клиент/Салымшы (Клиент Салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда Салымшы) Салым мерзімінің соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей Салым сомасын талап еткен жағдайда Банк жүргізеді. Егер соңғы күн демалыс немесе мереке күніне түссе, онда Салымды қайтару Салымды орналастыру мерзімі аяқталған күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.</p> <p>Салымды қайтару, егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген болса, табыс салығын ұстай отырып, ағымдағы шотқа/төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотқа жүзеге асырылады. Егер ағымдағы шоттың/төлем карточкасы пайдаланылатын ағымдағы шоттың валютасы салым (депозит) валютасынан өзгеше болған жағдайда, салымды (депозитті) қайтару операция жасалған кезде Банкте белгіленген айырбастау бағамын қолдана отырып жүргізіледі.</p> <p>Салымды ішінара алу: Клиенттің/Салымшының (Клиент салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда Салымшының) талабы түскен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей есептелген сыйақыны сақтай отырып, төмендетілмейтін қалдық сомасына дейін көзделген. Егер көрсетілген ағымдағы шоттың/ төлем карточкасын пайдаланылатын ағымдағы шоттың валютасы салым (депозит) валютасынан өзгеше болған жағдайда, салымды (депозитті) ішінара төлеу операция жасалған кезде Банкте белгіленген айырбастау бағамын қолдана отырып жүргізіледі.</p>
6	Салымды мерзімінен бұрын толық/ішінара алу кезінде сыйақы мөлшері	_____ өнім паспортының шарттарына сәйкес көрсету
7	Салым сомасы (цифрмен, жазбаша)	
8	Салымның ең аз сомасы не төмендетілмейтін қалдық	Ішінара алып қоюды ескере отырып Салым сомасы кемінде _____ (валюта түрін цифрмен және жазумен көрсету) болуы тиіс.
9	Салым мерзімі	_____ (Банктің УО/УТ шешімі бойынша мерзімді айлар есебінде цифрмен және жазумен көрсету немесе басқа мерзім көрсету).
10	Сыйақы мөлшерлемесі, жылдық %	_____ (Банктің уәкілетті органы бекіткен сыйақы мөлшерлемелеріне сәйкес сыйақы мөлшерлемесін көрсету).
11	Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, жылдық %	_____ (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелетін сенімді, жылдық, тиімді салыстырмалы есептеуде сыйақы мөлшерлемесін көрсету).
12	Салым бойынша сыйақы төлеу шарттары	<input type="checkbox"/> Егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген болса, табыс салығын ұстай отырып, ағымдағы шотқа/төлем карточкасы пайдаланылатын ағымдағы

	(қажеттісін белгілеу)	шотқа ай сайынғы төлем. Егер ағымдағы шоттың/төлем карточкасын пайдаланатын ағымдағы шоттың валютасы Салым (депозит) валютасынан өзгеше болған жағдайда, Салым (Депозит) бойынша сыйақы төлеу операция жасалған кезде Банкте белгіленген айырбастау бағамын қолдана отырып жүргізіледі. <input type="checkbox"/> Егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген болса, табыс салығын ұстай отырып, ай сайынғы капиталдандыру (жинақ шотына төлем).
13	Салымды толықтыру мүмкіндігі, салымды толықтыру бойынша қолда бар шектеулер	_____ өнім паспортының шарттарына сәйкес көрсету
14	Салым мерзімін ұзарту шарттары (салымды ұзарту)	_____ өнім паспортының шарттарына сәйкес көрсету
15	Басқа да негізгі шарттар:	
	Қосымша жарналарды ескере отырып, салымның ең жоғары сомасы	_____ өнім паспортының шарттарына сәйкес көрсету
	Салымды ашу тәртібі (қажеттісін белгілеу)	<input type="checkbox"/> Салым сомасын " Alatau City Bank" АҚ-тағы № _____ ағымдағы шоттан аудару <input type="checkbox"/> Шотты ашқан күні Шотқа Салым сомасын қолма-қол ақшалай енгізу.
	Ағымдағы шот/төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шот туралы мәліметтер (сыйақыны аудару не Салымды қайтару үшін)	

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес Шартқа қосылу туралы өтініш арқылы Клиент пен Салымшы (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) қол қойылған күнгі жағдай бойынша Шарттың талаптарын қабылдайды және және оған қол қою күніндегі жағдай бойынша " Alatau City Bank" АҚ (бұдан әрі-Банк) интернет – ресурсында www.alataucitybank.kz мекенжайы бойынша орналасқан редакцияда қосылады және мыналарды растайды/куәландырады:

1) Ол(-ар) шартты толық көлемде оқыды, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз қабылдады, Шартта ақылға қонымды мүдделерді басшылыққа ала отырып ол қабылдамауы мүмкін, ол үшін ауыртпалықты шарттар жоқ;

2) Қосылу туралы өтініш пен Шарт бірыңғай құжат ретінде қаралады;

3) Банк мыналар туралы толық ақпарат ұсынды: Шарт бойынша банктік қызметтерді ұсыну шарттары, мөлшерлемелер мен тарифтер, жинақ шотын ашу туралы шешім қабылдау мерзімдері, Шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы, ағымдағы шотты/төлем карточкасы пайдаланылатын ағымдағы шотты ашу қажеттілігі туралы, сондай-ақ ағымдағы шот/төлем карточкасы пайдаланылатын ағымдағы шот бойынша тарифтер туралы;

4) Салымшы, Клиент болашақта Шарт бойынша (оның ішінде Салымшының, Клиенттің уәкілетті тұлғалары мен өкілдері бойынша) берген және беруге жататын Дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай

дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындаған өзге де жағдайларда, тиісті шет мемлекеттің берілетін дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуіне қарамастан, егер мұндай беруге тыйым салынбаса немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелмесе, Салымшы, Клиент өзі ұсынған дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді трансшекаралық беруге алдын ала келісім алды. Банк айқындайтын қажет болған жағдайда Салымшы, Клиент Банкке Салымшы, Клиент дербес деректер субъектілерінен жинақтаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауына және өңдеуіне, трансшекаралық беруіне келісімдердің бар екендігінің құжаттық растамасын ұсынады. Жоғарыда көрсетілген келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Салымшыға, Клиентке жүктеледі. Банкке Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Салымшы, Клиент Банктің талабы бойынша Банк шеккен кез келген шығыстар мен залалдарды Банкке өтеуге міндеттенеді.

Осы арқылы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, Салымшының, Клиенттің (бұдан әрі-Дербес деректер субъектілері) атынан Шартқа қол қоятын жеке тұлға(-лар) Банкке өзінің әрқайсысына қатысты бүкіл ақпаратты, оның ішінде өздерінің дербес деректерін, оның ішінде электронды, қағаз және кез келген басқа тасымалдауышта бекітілген биометриялық дербес деректерін Салымшыға, Клиентке банктік және/немесе өзге қызмет көрсету мақсатында жинақтауға, өңдеуге (үшінші тұлғаларға тапсыруды қоса алғанда), трансшекаралық жіберуге өзінің сөзсіз келісімін ұсынады. Осы Келісім қолданылатын мерзім: оны дербес деректер субъектілері қайтарып алғанға дейін. Жеке тұлға(-лар) болып табылатын Салымшының, Клиенттің (жалпыға қол жетімді көздерде таратусыз) келісімі оның (олардың) және Банктің арасындағы құқықтық қатынастар тоқтатылған жағдайда немесе бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе кері қайтарып алынуы мүмкін.

5) Клиент/Салымшы (Салымшы Клиенттің пайдасына салым орналастырған жағдайда) Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарымен хабардар етілді және таныстырылды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген кепілдік берілген өтемді төлеу шарттары, мерзімдері және тәртібі туралы Банктің Интернет-ресурсында: www.alataucitybank.kz жарияланған мәліметтер арқылы хабардар етілді.

Қосылу туралы өтініш Банк бөлімшесінде берілген жағдайда төменде көрсетілген мәтінді Клиент/Салымшы/Сенім білдірілген тұлға толтырады

КЛИЕНТ

(Т.А.Ө.) _____

(жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, тұрғылықты мекенжайы, ұялы телефон нөмірі)

ЖСК _____

БСК _____

ЖСН _____

БЕК _____

e-mail _____

(Клиенттің қолы)

« ____ » _____ 20 ____ жыл

**САЛЫМШЫ (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда)
(Т.А.Ә.)**

_____ (жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, тұрғылықты мекенжайы, ұялы телефон нөмірі)

ЖСК _____

БСК _____

ЖСН _____

БЕК _____

e-mail _____

_____ (Салымшының қолы)

«__» _____ 20__ жыл

КЛИЕНТТІҢ АТЫНАН ЖИНАҚ ШОТЫН АШУҒА УӘКІЛЕТТІ ТҰЛҒА

_____ (құжаттың атауы)

негізінде әрекет етуші

_____ (ТАӘ, ЖСН)

_____ (Клиенттің атынан жинақ шотын ашуға уәкілетті тұлғаның қолы)

«__» _____ 20__ жыл

БАНКТІҢ БЕЛГІЛЕРІ

«Alatau City Bank» АҚ,
A26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй, БСН 920140000084, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дағы ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, Бек – 14

«Alatau City Bank» АҚ _____ филиалы

Мекенжайы: _____

Орындаушы: ТАӘ _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ қолы, мөртабаны _____

1. «Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес, Клиент ЖТС төлеушілеріне жатады:

иә

жоқ

2. БЕҚБТ-пен мәміле жасасу (БЕҚБТ Салым ашқан жағдайда толтырылады):

үлгілік шарттарға сәйкес жасалды

дербес шарттарға сәйкес жасалды



Жеке тұлғаның, Private Banking клиентінің
банктік салым шартына

Қосылу туралы өтініштің үлгілік формасы

**Жеке тұлғаның, Private Banking клиентінің банктік салым шартына қосылу туралы
№ _____
өтініш**

_____ к.

_____ -дан

(Т.А.Ә.)

«Alatau City Bank» АҚ-тан (бұдан әрі – Банк) осы Жеке тұлғаның, Private Banking клиентінің банктік салым шартына қосылу туралы өтінішті (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) (Банктің Интернет-ресурсында мына мекенжай бойынша орналастырылған: www.alataucitybank.kz) қабылдауды және № _____ жинақ ақша шотын (бұдан әрі – Шот/жинақ ақша шоты) ашуды және мынадай талаптармен банктік салым орналастыруды сұраймын:

№	Банктік салым шарты бойынша ақпарат	Шарттардың қысқаша мазмұны
1	Салымның (Өнімнің) атауы	Elite+
2	Банктік салым түрі	Мерзімді салым
3	Салым валютасы	_____ (өнім паспортының шарттарына сәйкес салым валютасын көрсету)
4	Кепілдік өтемнің ең жоғары (шекті) сомасы (салым бойынша кепілдік сомасы)	<input type="checkbox"/> Ұлттық валютадағы салымдар бойынша 20 (жиырма) миллион теңгеге дейін; <input type="checkbox"/> Шетел валютасындағы салымдар бойынша 5 (бес) миллион теңгеге дейін. Егер Банкте түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше депозиттер (салымдар)/банктік шоттар орналастырылса/ашылса, онда депозиттің (салымның)/банктік шоттың әрбір түрі бойынша шектерді ескере отырып, барлық депозиттер (салымдар)/банктік шоттар бойынша соманың жиынтық қалдығына, бірақ кепілдік өтемнің ең жоғары сомасы– 20 (жиырма) миллион теңгеден аспайтын сомаға кепілдік беріледі.

		Маңызды: кепілдік өтемді депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым салым бойынша есептелген сыйақыны және шоттағы қалдық сомасын ескере отырып, депозиттегі (ағымдағы шоттағы/салымдағы) қалдық сомасын негізге ала отырып, бірақ "Екінші банктерде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" ҚР Заңының 18-бабында белгіленген кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайтын мөлшерде төлейді Банкті лицензиядан айыру күніне арналған.
5	Салымды толық / ішінара мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі мен шарттары	<p>Салымды толық мерзімінен бұрын алу: 6-жолда көрсетілген шарттарды ескере отырып көзделген.</p> <p>Клиент/Салымшы (Клиент Салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда -Салымшы) жинақ салымын (депозитті) мерзімінен бұрын қайтару (жабу) туралы өтініш берген күннен бастап күнтізбелік 31-ші (отыз бірінші) күні жүзеге асырылады. Жинақ салымын (депозитті) мерзімінен бұрын қайтару (жабу) туралы өтініш берген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде сыйақы есептеу тоқтатылмайды.</p> <p>Егер Клиент / Салымшы (Клиент Салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда -Салымшы) жинақ салымын (депозитті) мерзімінен бұрын қайтару (жабу) туралы өтінішті қайтарып алмаса, 31 (отыз бірінші) күнтізбелік күні Жинақ шоты жабылады, "Талап еткенге дейін" мөлшерлемесі бойынша қайта есептелген сыйақысымен салым (депозит) сомасы Клиенттің/Салымшының (Клиент Салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда -Салымшының) ағымдағы шотына/төлем карточкасы пайдаланылатын ағымдағы шотына есептеледі.</p> <p>Артық есептелген / капиталдандырылған сыйақы сомасы салым (депозит) сомасынан ұсталады, салымның (депозиттің) қалдығы Клиентке/Салымшыға (Клиент салымға қатысты құқықтардан бас тартқан жағдайда - Салымшыға) қайтарылады.</p> <p>Егер көрсетілген ағымдағы шоттың/төлем карточкасы пайдаланылатын ағымдағы шоттың валютасы салым (депозит) валютасынан өзгеше болған жағдайда, салымды (депозитті) қайтару операция жасалған сәтте Банкте белгіленген айырбастау бағамын қолдана отырып жүргізіледі Салымды ішінара алу: қарастырылмаған.</p>
6	Салымды мерзімінен бұрын толық/ішінара алу кезінде сыйақы мөлшері	Салымды мерзімінен бұрын толық алып қою кезінде: Шартты бұзу сәтінде Банкте қолданылатын "Талап еткенге дейін" мөлшерлемесі бойынша.
7	Салым сомасы (цифрмен, жазбаша)	
8	Салымның ең аз сомасы не төмендетілмейтін қалдық	_____ (валюта түрін цифрмен және жазумен көрсету) кем болмауы тиіс

9	Салым мерзімі	_____ (Банктің УО/УТ шешімі бойынша мерзімді айлар есебінде цифрмен және жазумен көрсету немесе басқа мерзім көрсету).
10	Сыйақы мөлшерлемесі, жылдық %	_____ (Банктің уәкілетті органы бекіткен сыйақы мөлшерлемелеріне сәйкес сыйақы мөлшерлемесін көрсету).
11	Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, жылдық %	_____ (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелетін сенімді, жылдық, тиімді салыстырмалы есептеуде сыйақы мөлшерлемесін көрсету).
12	Салым бойынша сыйақы төлеу шарттары	_____ өнім паспортының шарттарына сәйкес көрсету
13	Салымды толықтыру мүмкіндігі, салымды толықтыру бойынша қолда бар шектеулер	_____ өнім паспортының шарттарына сәйкес көрсету
14	Салым мерзімін ұзарту шарттары (салымды ұзарту)	_____ өнім паспортының шарттарына сәйкес көрсету
15	Басқа да негізгі шарттар:	
	Қосымша жарналарды ескере отырып, салымның ең жоғары сомасы	_____ өнім паспортының шарттарына сәйкес көрсету
	Салымды ашу тәртібі (қажеттісін белгілеу)	<input type="checkbox"/> Салым сомасын " Alatau City Bank" АҚ-тағы № _____ ағымдағы шоттан аудару <input type="checkbox"/> Шотты ашқан күні Шотқа Салым сомасын қолма-қол ақшалай енгізу.
	Ағымдағы шот/төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шот туралы мәліметтер (сыйақыны аудару не Салымды қайтару үшін)	

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес Шартқа қосылу туралы өтініш арқылы Клиент пен Салымшы (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда) қол қойылған күнгі жағдай бойынша Шарттың талаптарын қабылдайды және және оған қол қою күніндегі жағдай бойынша " Alatau City Bank" АҚ (бұдан әрі-Банк) интернет – ресурсында www.alataucitybank.kz мекенжайы бойынша орналасқан редакцияда қосылады және мыналарды растайды/куәландырады:

1) Ол(-ар) шартты толық көлемде оқыды, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз қабылдады, Шартта ақылға қонымды мүдделерді басшылыққа ала отырып ол қабылдамауы мүмкін, ол үшін ауыртпалықты шарттар жоқ;

2) Қосылу туралы өтініш пен Шарт бірыңғай құжат ретінде қаралады;

3) Банк мыналар туралы толық ақпарат ұсынды: Шарт бойынша банктік қызметтерді ұсыну шарттары, мөлшерлемелер мен тарифтер, жинақ шотын ашу туралы шешім қабылдау мерзімдері, Шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы, ағымдағы шотты/төлем карточкасы пайдаланылатын ағымдағы шотты ашу қажеттілігі туралы, сондай-ақ ағымдағы шот/төлем карточкасы пайдаланылатын ағымдағы шот бойынша тарифтер туралы;

4) Салымшы, Клиент болашақта Шарт бойынша (оның ішінде Салымшының, Клиенттің уәкілетті тұлғалары мен өкілдері бойынша) берген және беруге жататын Дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындаған өзге де жағдайларда, тиісті шет мемлекеттің берілетін дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуіне қарамастан, егер мұндай беруге тыйым салынбаса немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелмесе, Салымшы, Клиент өзі ұсынған дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді трансшекаралық беруге алдын ала келісім алды. Банк айқындайтын қажет болған жағдайда Салымшы, Клиент Банкке Салымшы, Клиент дербес деректер субъектілерінен жинақтаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауына және өңдеуіне, трансшекаралық беруіне келісімдердің бар екендігінің құжаттық растамасын ұсынады. Жоғарыда көрсетілген келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Салымшыға, Клиентке жүктеледі. Банкке Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Салымшы, Клиент Банктің талабы бойынша Банк шеккен кез келген шығыстар мен залалдарды Банкке өтеуге міндеттенеді.

Осы арқылы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, Салымшының, Клиенттің (бұдан әрі-Дербес деректер субъектілері) атынан Шартқа қол қоятын жеке тұлға(-лар) Банкке өзінің әрқайсысына қатысты бүкіл ақпаратты, оның ішінде өздерінің дербес деректерін, оның ішінде электронды, қағаз және кез келген басқа тасымалдауышта бекітілген биометриялық дербес деректерін Салымшыға, Клиентке банктік және/немесе өзге қызмет көрсету мақсатында жинақтауға, өңдеуге (үшінші тұлғаларға тапсыруды қоса алғанда), трансшекаралық жіберуге өзінің сөзсіз келісімін ұсынады. Осы Келісім қолданылатын мерзім: оны дербес деректер субъектілері қайтарып алғанға дейін. Жеке тұлға(-лар) болып табылатын Салымшының, Клиенттің (жалпыға қол жетімді көздерде таратусыз) келісімі оның (олардың) және Банктің арасындағы құқықтық қатынастар тоқтатылған жағдайда немесе бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе кері қайтарып алынуы мүмкін.

5) Клиент/Салымшы (Салымшы Клиенттің пайдасына салым орналастырған жағдайда) Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарымен хабардар етілді және таныстырылды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген кепілдік берілген өтемді төлеу шарттары, мерзімдері және тәртібі туралы Банктің Интернет-ресурсында: www.alataucitybank.kz жарияланған мәліметтер арқылы хабардар етілді.

Қосылу туралы өтініш Банк бөлімшесінде берілген жағдайда төменде көрсетілген мәтінді Клиент/Салымшы/Сенім білдірілген тұлға толтырады

КЛИЕНТ

(Т.А.Ә.) _____

(жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, тұрғылықты мекенжайы, ұялы телефон нөмірі)

ЖСК _____

БСК _____

ЖСН _____

БЕК _____

e-mail _____

(Клиенттің қолы)

« ____ » _____ 20__ жыл

**САЛЫМШЫ (Салымшы Салымды Клиенттің пайдасына орналастырған жағдайда)
(Т.А.Ә.)**

_____ (жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, тұрғылықты мекенжайы, ұялы телефон нөмірі)

ЖСК _____

БСК _____

ЖСН _____

БЕК _____

e-mail _____

_____ (Салымшының қолы)

« ____ » _____ 20__ жыл

КЛИЕНТТІҢ АТЫНАН ЖИНАҚ ШОТЫН АШУҒА УӘКІЛЕТТІ ТҰЛҒА

_____ (құжаттың атауы)

негізінде әрекет етуші

_____ (ТАӘ, ЖСН)

_____ (Клиенттің атынан жинақ шотын ашуға уәкілетті тұлғаның қолы)

« ____ » _____ 20__ жыл

БАНКТІҢ БЕЛГІЛЕРІ

«Alatau City Bank» АҚ,
А26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй, БСН 920140000084, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дағы ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, Бек – 14

«Alatau City Bank» АҚ _____ филиалы

Мекенжайы: _____

Орындаушы: ТАӘ _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

колы, мөртабаны

1. «Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес, Клиент ЖТС төлеушілеріне жатады:

иә

жоқ

2. БЕҚБТ-пен мәміле жасасу (БЕҚБТ Салым ашқан жағдайда толтырылады):

үлгілік шарттарға сәйкес жасалды

дербес шарттарға сәйкес жасалды